



ARDOR GAMING

ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

ARDOR GAMING Rare M2 ARGB Ойын корпусы

Құрметті сатып алушы!

Сенім артқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

Біздің команда Сіздің компьютерлік ойындарға деген құштарлығыңызды толығымен бөліседі, сондықтан біз Сіздің ойын тәжірибеңізді геймерлерге арналған аксессуарларымызбен ұмытылмас ету үшін бар күшімізді салып келеміз. Жаңа жеңістер мен жарқын әсерлерді бағындыруыңызға тілектеспіз!

Монтаждау, сақтау және тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жылытылатын үй-жайларында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз/жойыңыз.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақыланбайтын тасталуының салдарынан қоршаған ортаға және адам денсаулығына әлеуетті зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және жою/кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының басшылығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 18 ай. / Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының маңызды тізімі:
<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуанчжоу Цили Компьютер Эквипмент Мэньюфэкчеринг Ко., Лтд.

Ляоцай 125 тас жолы, Чжунлутань, Байюнь ауданы, Гуанчжоу қ., Гуандун пров., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Өнім ерекшеліктері, өнім туралы ақпарат, оның толымдамасы мен функционалы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының өндірілген айы мен жылы, сондай-ақ оған кепілдік беру және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

Қытайда жасалған.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	
TM	ARDOR GAMING
Үлгісі атауы	Rare M2 ARGB
Тех. сипаттамалары	
Түрі	ATX Midtower
Түсі	Қара
Бүйірлік панельдегі тереза	Шыңдалған әйнек 4 мм (артқы жағынан 2 бұрандамамен бекітілген)
ОТӨ күлерінің макс. Биіктігі	165 мм
Қуаттау блогы	Жоқ
Аналық тақталардың үйлесімділігі	E-ATX, ATX, Micro ATX, ITX
ҚБ форм-факторы	ATX
Кеңейтімдері	
Ішкі 2,5" порттары	5
Ішкі 3,5" порттары	2
Кеңейту слоттары	8
Алдыңғы панель порттары	
	2 x USB 3.0, 2 x USB 2.0, HD Audio
Салқындату жүйесі	
1 20 мм. желдеткіш	4 желдеткіш Rare M2 ARGB
Физ. сипаттамалары	
Өлшемдері (ҰхЕхБ)	447 x 220 x 510 мм
Таза массасы	6,7 кг
Ерекшеліктері	
RGB эффектілері	120 мм төрт ARGB желдеткіші алдын ала орнатылған (үшеуі алдында, біреуі артында). Көмескі жарық эффектілерін корпустағы LED батырма-сының көмегімен және бағдарламалық қамтылым арқылы басқару мүмкіндігі. 4 желдеткіш пен 2 RGB-таспаны қосу үшін контроллер орнатылған
Бейнекартаның макс. ұзындығы	380 мм
Терезе	Жоғары сапалы шыңдалған бүйірлік әйнегі жүйенің ішкі компоненттеріне шолуды қол жетімді етеді
Кабель менеджмент	Кабельдерді шығару орындарында резеңке бітеуіштері бар ойластырылған кабель менеджмент жүйесі
Оқшауланған бокс	Қуаттау блогын жылыту жүйе компоненттерінің жұмысына әсер етпеу үшін қуат көзі төменгі жағында орналасқан арнайы оқшауланған боксқа орнатылады
Ауа салқындатуды қолдау	3 x 120 / 2 x 140 мм алдыңғы панельде 2 x 120 мм / 2 x 140 мм жоғарғы панельде 1 x 120 мм артқы панельде (1 желдеткіш жиынтықта) 2 x 120 мм қуаттау блогының боксында
Суды салқындатуды қолдау	Радиаторларды орнатуды қолдайды: 120/240/280 мм алдыңғы панельде 240/280 мм жоғарғы панельде 120 мм артқы панельде
Салқындату жүйесін оңай орнату	Корпустағы құрылымы салқындату жүйесінің жаңа элементтерін аналық тақтаны алмай-ақ ендіруге мүмкіндік береді
Шаңнан қорғау	Корпустағы жоғарғы, төменгі бөлігінде, сондай-ақ алдыңғы панельдің алдында шаңға қарсы сүзгілер орнатылған
Жинақталым	Аналық тақшаны бекітуге арналған бұрандалар x 37 дана, HDD бекітуге арналған бұрандалар x 8 дана, қуат көзіне арналған бұрандалар x 6 дана, аналық платаға арналған тіректер x 3 дана, кәбілге арналған тұтастырғыш x 5 дана, мыс қақпақша x 1 дана, динамик x 1 дана.

Желдеткіш

Үлгісі атауы	Rare M2 ARGB
Ауа ағыны	Max 39.6 CFM
Жұмыс кернеуі	DC 5 - 13,2 В
Айналу жылдамдығы	1200 айн/мин ±10%
Макс. шу деңгейі	< 25,3 дБ
Мойынтірек түрі	Сырғыма мойынтірек
Пайдалану мерзімі	> 30 000 сағат
Қосылу түрі	3-pin AURA, 3-pin power
Өлшемдері	120 x 120 x 25 мм
Қалақ саны	9
Жарық диодтар саны	8
Қалақтардың түсі	Ақ

RGB басқару

1. LED батырмасы арқылы RGB эффектілерін қолмен басқару:
Қосу үшін LED батырмасын басыңыз. LED батырмасын бір рет басып көмескі жарық режимін өзгертуге болады.
2. Аналық тақта арқылы басқаруға ауысу үшін LED батырмасын 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.
3. Көмескі жарықты өшіру үшін LED батырмасын 5 секунд басып ұстап тұрыңыз.

SSD 2.5" орнату



HDD 3.5" орнату (SSD және HDD бірге орналасуы)

